аптaлық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 11/396
20 марта 2015 года
газета издается с 26.06.2004 года

## НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

## С ПРАЗДНИКОМ НАУРЫЗ !

### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қонақтар!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – біздің төл мерекеміз. Сондықтан бұл мереке – біздің халқымыз үшін ерекше қымбат. Наурыз мерекесінің қадір –қасиетін айтқанда, ол –ең алдымен ұлттық салт – дәстүрді сақтауға, ағайынның ауызбірлігіне қызмет етеді. Шығыс күнтізбесі бойынша, Наурыз мейрамында, жаңа жылдың алғашқы күні тілеген ақ тілекте ерекше күш –қуат, шынайы сезім болады. Атадан қалған ұлттық аманат –тәуелсіз елімізді көркейтуге үлес қосу болып табылады.

Құрметті жерлестер!

Біз бақытты елде өмір сүріп жатырмыз. Бірлігі жарасқан туған Отанымыздың әр күні тарихи табыстармен аталып өтуде. Сол үлкен шаңыраққа бір-бір уық болып қадалған – халықтар достығы жасай берсін! Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ізгі тілекпен;

Қала әкімі Қ.Камзин
Мәслихат хатшысы Б.Сәрсембеков

### Уважаемые коллеги, жители и гости города!

С чувством особой радости и пожеланиями всех благ поздравляем Вас с замечательным праздником – Наурыз мейрамы !

Наурыз — праздник весеннего обновления! Пусть этот день, станет предвестником великих начинаний, посвященных дальнейшему развитию и процветанию Казахстана. По восточному календарю Наурыз - начало нового года, совпадает с днем весеннего равноденствия. Этот древний, но вечно молодой праздник символизирует пробуждение в людях самых светлых качеств - сердечной доброты и гостеприимства, мудрости, безграничной щедрости и душевного тепла. Для народа этот праздник является не только символом весеннего обновления, но и символом торжества любви, плодородия и дружбы.

Дорогие земляки!

Еще раз от души поздравляем со светлым праздником Весны!

Пусть Наурыз приносит мир и спокойствие, благополучие и процветание в каждый дом!

Желаем, чтобы он через вековые традиции, освященные мудростью наших предков, принес в Ваш дом здоровье, любовь и благополучие!

С уважением;

Аким города К.Камзин
Секретарь маслихата Б.Сарсембеков

### ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге Наурыз мейрамы барлық қазақ-стандықтар үшін жалпы халықтық сүйікті мерекеге айналды. Көктемнің осы бір шағында табиғат қана түлеп қоймай, қоғамның ынтымағы мен бірлігін, бейбітшілігі мен түсіністігін нығайтатын адам даласының да жан-дүниесі жаңғыра түседі.

Наурыз – бұл тек көктемнің ғана емес, бұл ең әуелі ізгілік пен жақсылықтың мейрамы. Ұлыстың осы бір ұлы күні жер бетіндегі қанды соғыстар, дау-жанжалдар тоқтатылып, адамдар бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, кешірімге келіп, татуласып, табыса білген. Халқымыз мол дастарқанын жайып, ақ жарқын көңілмен жүздесіп, өкпе-ренішін ұмытып, бір табақтан дәм татысып, өткен-кеткеннен сыр тартып, барша адам баласына жақсылық, аманшылық тілеп, жастарға ақ баталарын берген.

Қазақстандағы жүздеген ұлт пен ұлыстардың өкілдері бір-бірімен тату-тәтті, берекелі өмір сүріп жатыр. Әз Наурыздың адам баласын ізгілік пен сыйластыққа, ынтымаққа тәрбиелейтін тереңнен тартар ежелгі қасиетін біз барлық қазақстандықтардың бойына дарытуға, оны өз өміріміздің салтына айналдыруға міндеттіміз.

Бәріңізді Елімізді мереке мен берекеге толтыра кіріп келген момақан қой жылының басталуымен, көктемнің жарқын мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын.

Наурыз күні ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңізді ақталуға жазсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

**А. Ж. СЕРІКОВ,**
*Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты*

### Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары ! Құрметті газет оқырмандары !

Сіздерді шығыс халықтарының дәстүрі бойынша күн мен түн теңелетін күні тойланатын Ұлыстың ұлы Күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Көп ұлтты Отанымыздың іргесі аман болып, халқымыздың әл-аухаты арта берсін !

Кең болсын қазағымның керегесі,
Кетпесін Алла берген берекесі,
Алаштың баласына нәсіп болған,
Құтты болсын НАУРЫЗ мерекесі!

«Приозерский вестник» газеті редакциясының атынан
бас редактор Б. Кенжебеков

### Уважаемые жители города Приозерск ! Уважаемые читатели газеты !

Редакционный коллектив газеты «Приозерский вестник» от всей души поздравляет вас с прекрасным весенним праздником - Наурыз! В этот день земля и все живое освобождается от холодных объятий зимы, зарождается новая жизнь с надеждой на прекрасное будущее, просыпаются трепетные чувства, создавая праздничное настроение.

Как принято в этот праздник, давайте забудем прошлые обиды, оставим их в прошлом году. Пусть праздничные весенние дни нового года способствует взаимопониманию, дружбе и любви! С благословением старших, давайте поздравлять друг друга. Потому что пожелания, которые мы говорим в этот день, обязательно сбудутся. Пусть праздник Наурыз принесет вам в этот год благосостояние!

От имени редакции газеты «Приозерский вестник»
главный редактор Б. Кенжебеков

### НАУРЫЗ КЕЛДІ

Наурыз келді далама,
Наурыз келді қалама.
Мерекесін ұлтымның,
Тойламасақ бола ма?

Келе жатқан көнеден,
Қуанышқа бөлеген.
Кірген Наурыз айымен,
Жаңарады бар әлем.

Жылқы шығып барады,
Тарих есте қалады.
Қойым еніп есіктен,
Ашылар жыл парағы.

Наурыз – Жаңа жыл басы,
Жер-жаһанның құрдасы.
Барлық ғалам жаңарып,
Суға толар жылғасы.

Бұлттар жөңкіп көшеді,
Жұпар самал еседі.
Нұрын сеуіп сұлу Күн,
Гүл-бәйшешек өседі.

Наурызды тойлайық,
Күлейік те, ойнайық.
Көжесінен әженің,
Ішейік те, тоймайық.

Дала кірсін сәніне,
Қала енсін мәніне.
Құтты болсын Наурыз
Жиылған көп... бәріңе.

Наурыз – бірлік әкелсін,
Наурыз – тірлік әкелсін.
Ақ молайып әр үйде,
Еңбегіміз өтелсін.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## НАУРЫЗ КЕЛДІ ДАЛАМА...

***Наурыз мейрамын тойлауға Кеңес Үкіметі салтанат құрып тұрған кезде де еліміздің оңтүстік, батыс аймақтарында, Өзбекстанда және оның қазақтар тұратын аудандарында ешқашан шектеу болған жоқ. Біз есімізді білген алпысыншы жылдардың орта шенінде Әз-Наурызды айдың 14-жұлдызында қарсы алып, үлкен кісілердің «Амал кірді» деп, бір-бірін құттықтап жататынын, наурыз көжені сол күннен бастап дайындай бастайтынын көріп өстік. Қазір осы жақсы дәстүрдің ғылыми негізде дәлелденіп, ғұрпымызға қайта ене бастағаны ерекше қуантады. Осыған байланысты наурыз мейрамына байланысты ортаға ой тастауды жөн санаймыз...***

Әз-Наурыз кең-байтақ қазақ жеріне көктемнің алғашқы айы туғанда аяқ басады. Бұл кезең қазақтың көк жүзіндегі айдың қозғалысы арқылы жүргізілетін ескіше есебі бойынша Наурыз айдың 14-жұлдызынан басталса (ай есебінде 13-інен 14-іне қараған түні жаңа ай туады), астрономиялық есеп шартымен күн мен түннің тең келетін тоғысын белгілеген иран-парсы күнтізбесінде - 22 наурыз.

Наурыздың басты рәсімдері мен рәміздері, ғұрыптық сипаты алты ай қыс мезгілі бітіп, жазғытұрым уақыттың келіп, табиғаттың жаңаруын қуаныш етумен байланысты туындайды. Наурыздың 13-інде қазақтар «тоқсан» деп атап кеткен, шаруаны, тұрмыс-тіршілікті «қысып тастаған» тоқсан күндік қыс бітіп, аяқ-қол кеңейетін жаз мезгілі жер бетіне аяқ басады. Алты ай қыста ұйқыда болған табиғат қайта тіріліп, жаңа тіршілігін бастайды. Бұл тұста Наурыз айындағы жыл басын қай күннен бастау алатынын белгілеу XX ғасырдың бас кезіндегі ағартушылық кезеңде де айқын болмағандығын айта кетуіміз керек.

Наурыздағы мұндай көне танымның белгілері Қазақстанның батыс аймағында тереңірек, айқынырақ сақталған. Бұл өлкеде жаңа жылды 14-наурызда қарсы алады және оның жалпы жұртшылық арасында орныққан басты рәсімі, ежелгі ғұрпы – көрісу (яғни қауышу немесе амандасу). Мұны «қайта тірілу» деп те атасақ та болады. Бұл – өткенді, ескіні артқа тастап, жаңамен жанасудың, амандықпен қауышудың, қайта табысудың әрі түзу көңілдің, адал тілектің рәмізі. «Өткенге –салауат, болашаққа – аманат» – Наурыздың басты философиясы. Ата-бабасының рухына дұға бағыштау, көрші-көлемін, ағайын-туғанын аман көріп, оларға сый-сыяпат жасау, тарту-таралғы беріп, құрмет ету, Алла тағала берген жастың бір жылға ұзаруына шүкіршілік ету – Көрісудің басты амалдары. Құрмет пен сыйластықты ақ жалау еткен қауышу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады. Өмірдің түрлі жағдайынан туындап, адамдар арасында пайда болатын өкпе-реніш, араздық, өштесу сынды көңіл-күй сарындарын өткен уақыттың, ескі жылдың еншісіне қалдыруға ұмтылған адамның ниеті

*(басы 2 бет.)*

*29 апреля – День выборов Президента*

# В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК ОФИЦИАЛЬНО ОТКРЫТ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ШТАБ

13 марта т.г. в Приозерске состоялось официальное открытие городского общественного штаба, который расположился в здании городского филиала партии «Нұр Отан».

Председателем штаба стала директор школы искусств и спорта Попченко Светлана Борисовна.

В состав штаба также вошли депутаты городского маслихата, члены партии «Нұр Отан», представители учреждений и организаций, общественности города.

Свою деятельность Штаб будет осуществлять по Сетевому графику проведения избирательной кампании по поддержке Кандидата в Президенты Республики Казахстан Н.А.Назарбаева.

При штабе будут открыты общественные приемные. Как ранее стало известно, в предвыборный республиканский штаб кандидата - действующего президента Нурсултана Назарбаева вошли пять партий, штаб возглавит бывший советник Главы государства Мухтар Кул-Мухаммед.

**Б. Алшынбекулы**



*Сенің дауысың маңызды*

# ҚОЛДАУ БІЛДІРЕМІН

Қазақ елі тәуелсіздігін алғанына да ширек ғасырға жуық уақыт болды. Осы уақыт ішінде еліміздің мерейі өсіп, төрткүл дүниеге танылды. Еліміздің экономикасы қарқынды даму үстінде, бұл әрине еліміздегі тыныштықтың арқасы және Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының жемісі деп білемін. Бүгінгі таңда әлемде қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны көрініс беруде, геосаяси шиеленістер асқына түсуде. Әлемнің бірнеше мемлекетінде қауіп-қатерлер ушыққан жаңа аймақтар пайда болуда. Осындай халықаралық жағдайда Қазақстан халқы бұрынғыдан да берік, ынтымақтастығы бекем болу қажет деп ойлаймын.

Қазақ елі тағы да жауапты кезеңде тұр. 26.04.2015 жылы өтетін президенттік сайлауда Қазақстандықтарды Тәуелсіз мемлекетіміздің аясында одан әрі бірігуге, ел іргесін нығайтуға, ауыз бірлікте болуға үндеймін. Еліміз азаттығын алған күннен бастап іргетасын қалап, керегесін мықтап, шаңырағын биікке көтерген, Қазақстандықтардың мәртебесін талай асқақтатқан ел тұтқасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кандидатурасын қолдап, бір кісідей дауыс беруге шақырамын.

**Ж. Кеңесов,**
*Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры*

# «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ XVI СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ПІКІР

Нұр Отан партиясының кезекті съезіне қатысқан делегаттардың және еліміз қайраткерлерінің бір ауыздан Елбасына болашақта да ел басқаруына үлкен сенім білдіріп, үміт артқаны – шын жүректен қолдап-қуаттаудың көрінісі екені анық. Елбасымыз өзінің адами қасиеттерінің арқасында өзінің діттеген межесіне қол жеткізген болатын. Сонымен бірге, қазақ халқы тәуелсіз ел болып, аяққа енді тұрғанда билікті қолға алып, алға қарай нық қадам басуы, кәгімізде бейбіт көк туымыздың желбіреуі - Елбасының кемел саясатының, озық ойлы тәжірибесінің арқасы деп білемін.

Елбасымыздың өзі келтіргендей, «Баршамызға Тәуелсіздіктің Ұлы Рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады», деген болатын.

Расында да, Тәуелсіздік рухы жебей жүрген Елбасымызға Алла қуат берсе, әлі де талай асуларды алып, еліміздің өркендеуіне, мемлекетіміздің гүлденуіне қосары мол деп білемін.

Алдымызда, 26 сәуірде өтетін сайлауға ұйымшылдықпен қатысып, Елбасына қолдауға ниет білдіреміз.

**Л. Нұрсейітова,**
*№ 1 жалпыбілімдік орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

*К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ*

# ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

| № ИУ | Наименование города | Адрес место нахождения участка | Место расположения (школа, клуб и т.д.) | Границы участков |
|---|---|---|---|---|
| 775 | г.Приозерск | ул. Транспортная 17 | Здание «Центральная больница г.Приозерск» | Округ №1: Улицы Озерная, Нагорная, Лесная, Береговая, Весенняя |
| 776 | | ул. Транспортная 17 | Здание «Центральная больница г.Приозерск» | Округ №2: Улицы: Транспортная, Центральная, Пионерская, Комсомольская, Новая, Строительная, Приозерная, Полевая, Песчаная |
| 777 | | Бульвар Советской Армии 13 | Здание ГДО МО РК (Актовый зал) | Округ №3: Бульвар Советской Армии 9, 28, в/ч 44841, Достык 25, Б. Момышулы 14/1, Общежитии Малахит, Дзержинец и Березка МО РК |
| 778 | | Бульвар Советской Армии 13 | Здание ГДО МО РК (Малый зал) | Округ №4: Улицы: Б.Момышулы 3, 5, 5/2; Бульвар Советской Армии 34, 38а |
| 779 | | ул. Достык 20 | Здание КГУ « КЩДС №2» (Актовый зал) | Округ №5: Улицы: Достык 7, 11, 21; Р.Кошкарбаева 7/1, 7/2, 9; Агыбай батыра 17; Пушкина 9/3 |
| 780 | | ул. Достык 23 | Здание «Государственный архив г.Приозерск» | Округ №6: Улицы: Достык 16, 16/2, 18/2, 26; Пушкина: 5, 6; Б.Момышулы 12/1, 12/2; Бульвар Советской Армии: 30, 36 |
| 781 | | ул. Достык 20 | Здание КГУ «КЩДС №2» (Спорт зал) | Округ №7: Улицы: Абая: 2, 3, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 14, 15/1,17/3, 25/2; Приморская 2,4,8,10; Агыбай батыр 2, 3, 4, 5, 6, 8; Достык 16/3 |
| 782 | | ул. Космонавтов 2 | Здание КГКП «Школа искусств и спорта» | Округ №8: Улицы: Балхашская 2,2/2, 7/2; Дорохова 4/2; Панфилова 7/1; Кисунько 1, 1 «а», 1 «б», 2/2; Космонавтов 1/2 |
| 783 | | ул. Кисунько 7 А | Здание КГКП "Ясли сад Балбобек" | Округ №9: Улицы: Космонавтов 1, 3, 3/2, 5, 7/2, 9/1, 9/2 |
| 784 | | ул. Кисунько 11А | Здание КГУ «Средняя школа № 1» (Спортивный зал) | Округ №10: Улицы: Дружбы Народов 2, 4/1, 4/2, 4/3; Кисунько 4/1, 4/2; Балхашская 12/1; Гвардейская 2 |

**Примечание: Решением территориальной избирательной комиссии №2 от 16 марта 2015 года внесено изменение в границы избирательных участков.**

# НАУРЫЗ КЕЛДІ ДАЛАМА...

*(соңы. басы 1 бет.)*

ізгілікке баланса, ал оны кешкен, сөйтіп татулық жібін қайта жалғануына мұрындық болған жанның әрекеті адамгершіліктің биік деңгейі деп саналған. Тіпті, көрісу кезеңі туғанда жауласып жүрген ел немесе рутайпалар араздықты тоқтатып, жауластықты жоюға ымыраласып, бейбітшілікті қалпына келтіруге ұмтылған.

Мұндай ізгі ниеттер жер бетіндегі ірі діни сенімдердің де философиясына орныққан. Сондықтан ата-бабаларымыз ертеден дәстүр еткен «көрісудің» басты ұстанымдары мен амалдарын жаңа заманның тұрмыс-тіршілігіне, адамдар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігін қамтамасыз етуге, тіпті, қоғамның түрлі топтары ел-жұрттың өзіне назар аударуына сеп болатын саяси технологияларына да пайдалануға болады. Осы әрекеттер арқылы көне ғұрыпты заманауи сипатта жандандырып, оны жаңа мазмұнмен, тың өрнекпен байыту бүгінгі күннің міндеті деп санаймыз.

Түйіндей келгенде, табиғаттай жаңаруды ішкі жан-дүниесінен бастайтын адамзат баласының рухани түлеуінде Көрісу ырымының мән-маңызы зор. Оны халқымыздың көне дәуірлер қойнауынан жеткен ғұрыпы ретінде Наурыз мейрамы үстінде атап өтуге, айтулы мерекенің басты рәсімдік сипатына қосуға әбден болады. Бұл тұста санаға мынадай ұғымдарды орнатқан жөн секілді: қайта түлеген, жаңғырған рух жаңаны, жақсылықты, табысты, достықты, махабатты, қуанышты көңілдің шеңберіне қабылдай алады. Осы бір адами құндылыққа негізделген ізгі әрекеттер арқылы ол тылсым Жаратылыстан өзіне бағытталған сыйға да, сыбағаға да, сауапқа да, ырыздыққа да кең жол аша алады деп бағамдауға болады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ӨТКІЗУ ЖАЙЫНДА ХАБАРЛАМА

**Қарағанды облысының «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ 2015 жылдың 15 сәуірінде сағ. 11.00 www.gosreestr.kz сайтынад электронды сауда өткізілетінін мәлімдейді.**

**Саудаға ұсынылады:**

**№1 нысан** бағаны төмендету арқылы (Голландтық әдісі) **Бауыржан Момышұлы 1а мекен-жайында орналасқан, бір қабатты ғимарат, жалпы алаңы 513,9 ш.м.** техникалық жағдайы қанағаттанарлық, күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы баға 32 220 000 ( отыз екі миллион екі жүз жиырма мың) тенге.

Ең төменгі баға 3 222 000 (үш миллион екі жүз жирыма екі мың) тенге.

**№2 нысан** бағаны төмендету арқылы (Голландтық әдісі) **Бауыржан Момышұлы 1 мекен-жайында орналасқан мүліктік кешен, жалпы алаңы 1480,3 ш.м.**, техникалық жағдайы қанағаттанарлық, нысан күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы баға 134 225 000 (жүз отыз төрт миллион екі жүз жиырма бес мың) тенге.

Ең төменгі баға 13 422 500 ( он үш миллон төрт жүз жиырма екі мың бес жүз) тенге.

**№3 нысан** бағаны төмендету арқылы **Бауыржан Момышұлы 6 мекен-жайында орналасқан, бір қабатты бос ғимарат, жалпы алаңы 1630,3 ш.м.** техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз, есік терезесі жоқ, күрделі жөндеуді қажет етеді және инженерлік коммуникациялық жүйелерді тарту қажет.

Бастапқы баға 45 710 000 ( қырық бес миллион жеті жүз оні мың) тенге.

Ең төменгі баға 4 571 000 (төрт миллион бес жүз жетпіс бір мың) тенге.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы сауда-саттықтың голландтық әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелері;

4) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

**Қосымша ақпаратты келесі мекен жай бойынша аласыздар: Приозерск қаласы Балқаш көшесі 5 үй, «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ 307 бөлме, тел. 8(71039) 5-36-18.**

**Кепіл жарна:**

**№1 нысан** бойынша – **966 600** (тоғыз жүз алпыс алты мың алты жүз) тенге.

**№2 нысан** бойынша - **4 026 750** (төрт миллион жиырма алты мың жеті жүз елу) тенге.

**№3 нысан** бойынша - **1 371 300** (бір миллион үш жүз жетпіс бір мың үш жүз) тенге.

**Кепіл жарна келесі есеп шотқа жіберіледі «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ, БСН 050540004455, ЖСК № KZ529261501102032004, БИК KZKOKZKX, Банк атауы «КАЗКОМЕРЦБАНК» АҚ, ТТК: 171; Бек: 16.**

Нысан сатып алуды бөліп төлеу пайыздарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қайта қаржыландырылатын ресми ставкаға сүйене отырып есептеп берілуі мүмкін.

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЭЛЕКТРОННЫХ ТОРГОВ

**ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» Карагандинской области 15 апреля 2015 года в 11.00 часов на сайте www.gosreestr.kz проводит аукцион по продаже объектов коммунальной собственности.**

К продаже предлагается:

**Объект №1** на понижение цены торгов (Голландский метод) - **одноэтажное здание по ул. Бауыржана Момышулы, 1а, общей площадью 513,9 кв.м**, техническое состояние здания оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Стартовая цена 32 220 000 (тридцать два миллиона двести двадцать тысяч) тенге.

Минимальная цена 3 222 000 (три миллиона двести двадцать две тысячи) тенге.

**Объект №2** на понижение цены торгов (Голландский метод) - **имущественный комлпекс по ул. Бауыржана Момышулы, 1, общей площадью 1 480,3 кв.м**, техническое состояние имущественного комплекса оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Стартовая цена 134 225 000 (сто тридцать четыре миллиона двести двадцать пять тысяч) тенге.

Минимальная цена 13 422 500 (тринадцать миллионов четыреста двадцать две тысячи пятьсот) тенге.

**Объект №3** на повышение цены торгов (Голландский метод) - **одноэтажное пустующее здание по ул. Бауыржана Момышулы, 6, общей площадью 1 630,3 кв.м**, техническое состояние здания оценивается как не удовлетворительное, объект без окон и дверей, требует капитального ремонта и подведения инженерно-коммуникационных сетей.

Стартовая цена 45 710 000 (сорок пять миллионов семьсот десять тысяч) тенге.

Минимальная цена 4 571 000 ( четыре милиона пятьсот семдесять одна тысяч) тенге.

Победителем аукциона по голландскому методу торгов признается участник, первый подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации по объявленной цене, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1)для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2)для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3)реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4)контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно установленной форме и подписанную ЭЦП участника.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона.

**Дополнительную информацию о проведении торгов можно получить по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская, д. 5, ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск», 307 каб, тел. 8 (71039) 5-42-36.**

**Гарантийный взнос:**

**за объект №1- 966 600** (девятьсот шестьдесят шесть тысяч шестьсот) тенге.

**за объект №2- 4 026 750** (четыре миллиона двадцать шесть тысяч семьсот пятьдесят) тенге.

**за объект №3- 1 371 300** (один миллион триста семьдесят одна тысяча триста) тенге.

**Гарантийный взнос вносится на счет АО «Информационно-учетный центр», БИН 050540004455, ИИК № KZ529261501102032004, БИК KZKOKZKX; Наименование банка: АО «КАЗКОМЕРЦБАНК»; КНП:171; Кбе: 16.**

Объект может быть продан в рассрочку с начислением процента, исходя из официальной ставки рефинансирования Национального Банка Республики Казахстан.

*Исполняя Послание Президента*

# БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ В ОРГАНАХ КАЗНАЧЕЙСТВА

Одним из негативных явлений, всячески препятствующим развитию экономической, социальной, политической, духовно-культурной, правовой деятельности в жизни общества является коррупция.

Поэтому борьбе с коррупцией в Казахстане уделяется первостепенное внимание руководства страны. Ясно что, являясь глобальным социальным бедствием, она сильно тревожит все страны мира, непохожие друг на друга по политическому развитию.

Введение в действие Указа Президента Республики Казахстан «О дополнительных мерах по усилению борьбы с преступностью и коррупцией и усовершенствованию правоохранительных работ в Республике Казахстан» явилось своеобразным рывком в систематически проводимых мероприятиях по борьбе с данным явлением.

Своевременное принятие данного Указа направлено, как на предотвращение коррупции в целом, так и на различные её проявления, и обеспечивает исполнение систематических, осуществляемых на постоянной основе, мер в стране.

В частности в финансовой сфере Казахстана Комитетом казначейства и всеми государственными учреждениями были проведены усиленные работы по переходу на интегрированную информационную систему «Казначейство-клиент». Эти работы являются одной из мер по предотвращению коррупции. Например, главный бухгалтер учреждения самостоятельно вводит в интегрированную информационную систему все финансовые документы (счета к оплате, заявки на регистрацию договоров, заявки на ввод поставщиков и т.д.), проводят операции в режиме «онлайн» по расходам и поступлениям государственных бюджетных средств. При окончательной оплате отправляются электронные копии подтверждающих документов. Все это утверждается двумя электронно-цифровыми подписями и отправляется в Казначейство. Ответственный исполнитель Казначейства проверяет поступившие документы, утверждает или при выявлении ошибок отклоняет. При этом в системе электронно-цифровая подпись проверяется автоматически.

Еще одним из факторов, препятствующим проявлению корупции, благодаря введенной в действие информационной системы, является сокращение личных контактов между ответственными исполнителями органов казначейства и работниками государственных учреждений.

Кроме того, за счет оказания дистанционных услуг повысилось качество работы органов Казначейства, уменшились возвраты, сократились бумажные, временные и транспортные расходы государственных учреждений.

Введение системы «Казначейство-клиент» повысило прозрачность процедур приема, обработки и возврата финансовых документов.

Подводя итоги вышесказанного нужно отметить, что проведение оптимальной, единой общегосударственной политики, является самой важной, на сегодняшний день, целью всех государственных органов в борьбе с коррупцией, различных её проявлений во всех отраслях жизни граждан и государства, что несомненно способствует укреплению доверия общества к государству.

**Дуйсенова З.Е.**
*И.о. руководителя Приозерского ГУК*

*ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА*

# ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!




Ешкім де, еш-нәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін де сұм соғыс. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал матерал-дары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділік-терін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

**Неменеңе жетістің бала батыр,**
**Қариялар азайып бара жатыр.**
**Бірі мініп келместің кемесіне,**
**Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,**

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Москва, сенің іргеңді Ел, ер болып сақтаймыз, Сенен аяр жан да жоқ, Барлығы да сен үшін, Саған қауіп төнгенде, Жау таянып келгенде, Қамсыз тыныш жатпаймыз. Алпыс ұлттың адамы, Қол ұстасып үн қосып, Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал: айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Біз тұрып жатқан қалада бүгінде баржоғы төрт-ақ ҰОС ардагері қалыпты. Олар: Көббева Аймереке Беболатқызы 88 жаста, Алексеева Валентина Михайловна 92 жас-та, Удилов Георгий Иванович 96 жаста және 90 жастағы Морозов Иван Павлович. Оқ пен оттың арасынан аман келіп, бейбіт еңбекте де жемісті еңбек еткен, ұрпаққа азаматтықтың үлгісін көрсеткен осы ата-әжелеріміздің тілеуін тілеп, әлі де өмір сүре беруін тілейміз біз де. Біздің еліміз осынау жандардың арқасында жеңіс туын желбіретті. Сонықтан оларға көрсетілер құрмет те ерекше болуы тиіс.

Күн санап жақындап келе Ұлы жеңістің 70 жылдығы құтты болсын, ардақты ағайын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі*

*Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ 2015-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ

«Нұр Отанның» XV съезінде партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Саяси көшбасшылықтың принципті мәселесі ретінде сыбайлас жемқорлықпен ымыасыз күресудің стратегиясын әзірлеуді» тапсырған.

Аталған тапсырманы жүзеге асыру мақсатында 2014 жылдың 11 қарашасында «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды.

2008 жылдан бері қолданыстағы Жемқорлықпен күрес жөніндегі бағдарлама тұтастай алғанда қойылған міндеттерді жүзеге асыруға негіз болды. Тек бағдарлама қоғамның, уақыттың өзгерістеріне сай жаңартуды талап етеді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы міндеттері және партия Доктринасы басымдықтары ескерілген Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа бағдарламасы мемлекеттің және тұтас қоғамның күшін жемқорлыққа қарсы жұмылдыруға бағытталды.

Көзделген мақсатты жүзеге асыру үшін құжатта азаматтық қоғамды, бизнес қауымдастығын жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тарту, мемлекеттік органдардың, корпоративтік сектордың қызметіне бақылауды күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды жетілдіру, мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу, көлеңкелі экономикаға тосқауыл қою қарастырылды. Сонымен қатар, қоғамда жемқорлыққа төзімсіздік мәдениетін және білім мен тәрбиенің барлық деңгейінде жемқорлыққа қарсы дағды моделін қалыптастыру да қамтылған.

Бағдарламаның басты міндеті - Қазақстанда маңызды үш элементтен тұратын жүйені құру. Біріншісі, азаматтарға қызмет ететін тиімді мемлекет, екіншіден, ол - экономикалық дамудың қозғаушы күші, азаматтық қоғамның тірегі ретіндегі мықты бизнес, үшіншіден, жауапкершілікті азаматтық қоғам.

**Б.Наумагамбетов,**
*Приозерск қаласының Әділет басқармасының басшысы*

*К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ*

# ОТВЕТЫ НА ОБРАЩЕНИЯ ГРАЖДАН, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ОТЧЕТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ

**Шафиулин Г.М.** (Кисунько 13/1, 93).

**Вопрос:** Во дворе Кисунько, 13/1 расположено 6 мусорных контейнеров, но вокруг контейнеров разбросаны мусором пройти невозможно?

**Ответ:** 11 февраля 2015 года в ходе проведения отчетной встречи акима города перед населением, Вами поднят вопрос касательно несанкционированного мусора в районе дома № 13/1 по улице Кисунько.

Причиной скопления данного мусора послужило отсутствие договоров на вывоз твердых бытовых отходов (далее – ТБО) у индивидуальных предпринимателей, которым принадлежат продуктовые магазины в данном жилом районе.

В городе вывоз ТБО осуществляет ТОО «Калкан-2009».

В связи с разработкой нового типового договора на вывоз ТБО, включающего в себя дополнительные пункты с указанием цены по захоронению ТБО, ТОО «Калкан-2009» расторгнул ранее заключенные договора с индивидуальными предпринимателями города.

На сегодняшний день, договора на вывоз ТБО с индивидуальными предпринимателями заключены, мусор вывезен, на территории данного жилого района мусор отсутствует.

**Крутогузова А.Н.** (Кисунько 4/1 кв 9).

**Вопрос:** В городе поднялись цены на продукты и на лекарства, какие меры принимается?

**Ответ:** На Ваше предложение, поступившее в ходе проведения отчетной встречи акима города 11 февраля 2015 года о принимаемых мерах по снижению цен на социально-значимые продукты питания и лекарственные средства сообщаем следующее.

Еженедельно рабочими группами ведется мониторинг за ценами на социально-значимые продукты питания по всем магазинам города Приозерск. В ходе обхода предпринимателям разъясняются о недопущении необоснованного повышения цен на социально-значимые продукты питания.

При обходе продовольственных магазинов каждый продавец или индивидуальный предприниматель расписывается в листе мониторинга. По результатам проводится анализ и сравнение цен на основные продукты питания предыдущими неделями.

Ведется мониторинг на розничные цены на основные группы препаратов, имеющих спрос у населения, утвержденный Министерством здравоохранения РК. С целью сдерживания цен на основные группы препаратов, имеющих спрос у населения, в 2014 году проведены 2 встречи с предприни-мателями города и заключен меморандум с субъектами фармацевтической деятельности (ИП Абильдинова, ИП Архабаева, ИП Иванова и аптека КГКП «Центральная городская больница города Приозерск»).

В текущем году перезаключен меморандум о не превышении наценки на основные продукты питания со всеми 33-мя владельцами продовольственных торговых точек и 1 владельцем торгового рынка.

С целью снижения цен на плодоовощную продукцию на центральной площади города проводится еженедельная сельскохозяйственная ярмарка, на которой реализуется овощная и бакалейная продукция из стабилизационного фонда:

-картофель, морковь, свекла, лук репчатый, масло подсолнечное, рис, гречка, сахар и мука 1 сорта.

С целью стабилизации цен на хлеб 1 сорта из стабилизационного фонда выделяется мука 1 сорта по фиксированным ценам.

В январе текущего года проведена встреча с предпринимателями города по разъяснению недопущения ценового сговора и не обоснованного завышения цен на основные продукты питания.

Еженедельно проводятся заседания штаба по сдерживанию инфляционных процессов.

3.**Письменный вопрос из зала** (не представился).

**Вопрос:** По городу ездят неизвестные люди и представляются инспектором рыбнадзора и спрашивают лицензию на любительский лов. Путевка на один день 600 т. Законно ли это, есть ли у нас орган который следит за этим?

**Ответ:** Во исполнение мероприятий по реализации предложений и замечаний населения, поступивших в ходе проведения отчетной встречи акима города от 11 февраля 2015 года, о законности действия инспекторов рыбнадзора по анонимному обращению из зала, отработан данный вопрос с Нура-Сарысуйской бассейновой инспекцией.

Водохозяйственный регион озера Балхаш относится к Балхаш-Алакольской бассейновой инспекции.

Согласно ответа Балхаш-Алакольской бассейновой инспекции, инспектора рыбнадзора выезжают с проверками согласно плана, в сезон нереста и по заявлениям, поступившим от юридических и физических лиц. Инспектора имеют служебное форменное обмундирование и нагрудные жетоны.

В случае неправомерных действий со стороны инспекторов рыбнадзора Балхаш-Алакольской бассейновой инспекции необходимо обращаться по имеющемуся телефону доверия: **8(727) 245-34-59**.

**Н. Стамкул,**
*руководитель аппарата акима города Приозерск*

*Мемлекеттік қызметтің жаңа түрі*

# ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ «ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» АРҚЫЛЫ ТІРКЕУ

«Электрондық үкімет» заңды тұлғаларды тіркеуде ыңғайлы жағдай жасап, жаңадан бизнесті бастаған жас кәсіпкерлердің шұғыл түрде, артық-ауыс уақыттарын шығындамай, өз істерін бастауларына мүмкіндік туғызады. Бұл мемлекеттік қызмет үшін міндетті түрде мемлекеттік алым төленетіндігін ескерткіміз келеді. Ол үшін банкіге немесе кассаға жүгіріп, кезекке тұрудың қажеті жоқ. Төлем карточкасы арқылы порталдан да төлей алады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті заңды тұлға бір күннің ішінде ала алады. «Электронды үкімет» сіздің өтінішіңізді санаулы минуттар ішінде қабылдайды. Жылжымайтын мүліктері де санаулы минуттарда тексеріледі. «Электронды үкіметтің» ең бастысы ашықтығы мен жылдамдығы. Тіркеу туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші тіркейтін органға келеді. Қазір тек қана шетелдіктер мен кәмелеттік жасқа толмағандар ғана электронды үкіметтің қызметін пайдалана алмайды, ал қалғандары үшін оған мүмкіндік бар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да кәсіпкерлікті дамыту жолында қойған бірден-бір міндеті — лицензия, рұқсат алу, тіркеу

(соңы 5 бет.)

*Елбасы Жолдауын жастардың қолдауы*

# НҰРЛЫ ЖОЛ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы әр қазақстандыққа қатысты, сондықтан Жолдауды талқылау мақсатында, барлық қалалар мен аймақтарда ақпараттық-насихаттау топтары құрылды. Еліміздің негізгі бағыт беруші құжатын талқылау үшін осындай топ жастар арасында да ұйымдастырылған. Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығының жанынан құрылған ақпараттық-насихаттау топ мүшелері 17-наурыз күні Төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлермен кездесу өткізді. Бұл кездесуге 20-ға жуық мекеме қызметкерлері қатысты. Өз баяндамаларын «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ директоры Бейскеев Сагынбек Жанбырбайұлы, «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Алмас Ұлан Алмасұлы және «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Шамшатов Асет Сайранбекұлы тыңдаушыларына ұсынды.

Баяндаушылар Жолдаудағы жастарға арналған негізгі 3 бағытқа ерекше тоқталып өтті. Атап айтқанда, бірінші - білім мәселесі. Бүгінде дамыған елдердің барлығы осы білім саласына ұдайы инвестиция құйып келеді. Соның нәтижесінде, табиғи байлықсыз-ақ, олар өздерін әлемдік сахнада экономикасы жетілген, табысты мемлекеттер ретінде танытты. Елбасының білім саласына қыруар қаражаттың бөлінетінін және еліміздің беделді 10 жоғарғы оқу орындарының әлемдік стандартқа сай етіп жасақталғандығы біздің дамыған ел болуға бағыт алғанымызды көрсетеді.

Екінші - ұлт аралық достық. Еліміздің бүгінгі әлемге үлгі болар тұсы бұл – ұлттар арасындағы татулық, осы жағдайларды жастарға ұғындыру керек екені айтылды. Менің ойымша, достық пен келісім болмаған жерде ешқандайда даму болмақ емес.

Үшінші, 2015 жылдан бастап жас отбасыларға бастапқы жарнасыз және төмен пайыздық көрсеткіште үйлер салуға 180 миллиард тенге қаражат бөлінетінін жеткізді. Өзімізге белгілі бүгінгі таңда жаңадан отбасын құрған жастардың бір жылдың ішінде үштен бірі ажырасып жатыр, әрине бұған көптеген мәселелер ықпал ететіні түсінікті, дегенменде кейбір мәліметтерге сәйкес, еліміздегі жалпы жас отбасылардың 80% жуығында жеке пәтер жоқтығын ескерсек, Елбасы, Н.Ә.Назарбаев жастарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесі дүп басып айтты.

«Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты, өйткені олар «ертеңімізді жасайтын бүгініміз» деген Елбасының сенімін ақтау біздің міндетіміз.

**А.А. Кабатаева.**
*«Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ-нің инспекторы*

# ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ «ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ» АРҚЫЛЫ ТІРКЕУ

***(соңы. басы 4 бет.)***

